

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 152

Жеке тектік қоры

«10» қазан 2003 ж

Мұқанғалиев Жиенқұл 1926 жылы 11 маусымда Ақсуат ауылы Алғабас селолық Советінде Жымпиты ауданында дүниеге келген.

(Негізі: Қор-8, Т-1ж, І-43)

1941 жылы жеті жылдық мектепті бітірді. 1944 жылы қаңтар 18-ге толмай Отан қорғау үшін соғысқа аттанды. 334 гвардияның атқыштар полкының құрамында, Кенигсберг қаласын озат етуге, 1945 жылы 2 мамырда Берлинді алуға қатысып, Жеңіс күнін Бранденбург қаласында қарсы алды. Соғыстан кейін Гродно қаласында әскери борышын өтеп, 1950 жылы 20 сәуірде елге оралды.

Ауылға келгеннен кейін аудандық комсомол комитетінің жолдасымен ішкі істер бөліміне жұмысқа жіберілді.

1957 жылы арнайы милиция мектебін, 1965 жылы қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігінің жоғарғы мектебін бітірді. Одан кейін 31 жылдан астам уақыт ішкі істер бөлімінде жемісті қызмет атқарды.

ОРДЕНДЕРІ, МЕДАЛЬДАРЫ:

“II-дәрежелі Ұлы отан соғысының” ордені

“III-дәрежелі Даңқ” ордені – 1946 ж

Кеңес одағы Маршалы Г.К.Жуковтың медалі және т.б. медальдармен, белгілермен, құрмет грамоталарымен марапатталған.

Милиция үздігі - 1974 ж.

“Жоғарғы квалификациялық заңгер” деген атағы бар. Жеңістің 50 жылдық мерекесіне арналған Алматы қаласындағы бүкіл республикалық салтанатқа шақырумен қатысты.

2000 жылға шейін аудандық соғыс ардагерлері Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Зайыбы Назым екеуі 10 бала тәрбиелеп, 11 немере сүйіп отырған, жапырағы кеңге жайылған отбасы.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы:



Ғ.Рамазанов